

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**«ЕСЕП, АУДИТ ЖӘНЕ ТАЛДАУ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ, ТЕНДЕНЦИЯЛАР ЖӘНЕ  
ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ»**

тақырыбы бойынша э.ғ.к., доцент, ҚР білім беру үздігі, «2011-жылдың үздік оқытушысы» грантының иегері, ҚР халықаралық "Болашақ" стипендиясының иегері, тәуелсіз аудитор, кәсіби бухгалтер, ҚР аудиторлар палатасының мүшесі, «Есеп, аудит және талдау» кафедрасының жетекшісі АЛИБЕКОВА Б.А. 60 жылдық мерейтойына орай ұйымдастыралған G-Global ақпараттық-коммуникативтік интернет алаңындағы халықаралық On-line конференциясының

**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК ТРУДОВ**

**международной On-line конференции на базе коммуникативной площадки  
«G-global»**

**«УЧЕТ, АУДИТ И АНАЛИЗ: МЕЖДУНАРОДНАЯ ПРАКТИКА,  
ТЕНДЕНЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ»**

посвященной 60-летию к.э.н., доцента, отличника образования РК, обладателя гранта «Лучший преподаватель 2011 года», обладателя международной степени Президента РК «Болашақ», независимого аудитора, профессионального бухгалтера, члена Палаты аудиторов РК, заведующего кафедрой «Учет, аудит и анализ» АЛИБЕКОВОЙ Б.А.

**PROCEEDINGS**

**of the international On-line conference  
in the frame of communicative platform «G-global»  
«ACCOUNTING, AUDITING AND ANALYSIS: INTERNATIONAL  
PRACTICE, TRENDS AND DEVELOPMENT PROSPECTS**



**Астана, 2017**

**ӘОЖ 657**  
**УДК 657**  
**ББК 65.053**  
**Е 79**

«Есеп, аудит және талдау: халықаралық тәжірибе, тенденциялар және даму перспективалары» G-Global ақпараттық-коммуникативтік интернет алаңындағы халықаралық On-line конференциясының еңбектері - Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2017.- 563 б.

Труды международной On-line конференции на базе коммуникативной площадки «G-global» «Учет, аудит и анализ: международная практика, тенденции и перспективы развития», Астана: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2017.- 563 с.

Proceedings of international On-line conference in the frame of info-communicative platform “G-global” on “Accounting, auditing and analysis: international practice, trends and development prospects”, - Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2017.- p.563.

**Редакция алқасы:**

МАҚЫШ С.Б. – төрағасы, э.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ экономикалық факультетінің деканы

БАКИРБЕКОВА А.М. – э.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ экономикалық факультетінің декан орынбасары

НУРХАЛИЕВА Д.М. – э.ғ.к., доцент, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Есеп, аудит және талдау» кафедрасының доценті

ТУРЕБЕКОВА Б.О. – э.ғ.к., «Есеп, аудит және талдау» кафедрасының доцент м.а.

БЕЙСЕНОВА Л.З. – э.ғ.к., доцент, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Есеп, аудит және талдау» кафедрасының доценті

**ISBN 978-601-301-945-1**

**ӘОЖ 330.3**

**УДК 330.3**

**ББК 65.052**

**С 23**

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2017

© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2017

2. О недобросовестной конкуренции. Закон Республики Казахстан от 9 июня 1998 г. №232. // Сборник законодательно-правовых актов «Малый и средний бизнес: Законодательство Республики Казахстан. - Алматы, 1999.

3. Указ Президента Республики Казахстан от 17 мая 2003 года № 1096 О Стратегии индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2003-2015 годы.

4. Мамыров Н.К., Ихданов Ж. Государственное регулирование экономики в условиях Казахстана (теория, опыт, проблемы). - Алматы: Экономика, 1998.

## «СТАТИСТИКА» ПӘНІН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

*Тайлакова М.И., Бананов А.А.*

*М.Х. Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік Университеті, Тараз қ.,*

*Қазақстан Республикасы*

*E-mail: [tmi\\_07@mail.ru](mailto:tmi_07@mail.ru)*

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.,*

*Қазақстан Республикасы*

*E-mail: [ar\\_win@mail.ru](mailto:ar_win@mail.ru)*

**Андатпа.** Мақалада жоғарғы оқу орындарында экономикалық пәндерді оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану тәжірибесі қарастырылған.

**Түйін сөздер:** статистика, цифрлық технология, инновация, оқыту технологиялары, интерактивтік технология, интеракция, мультимедиялық пакет.

**Аннотация.** В статье рассмотрена практическое применение информационных технологий при изучении экономических дисциплин в вузах.

**Ключевые слова:** статистика, цифровые технологии, инновации, обучающие технологии, интерактивная технология, интеракция, мультимедийный пакет.

**Annotation.** The article considers the practical usage of information technology at studying economical subjects in university.

**Keywords:** statistics, digital technologies, innovations, technologies at studying, interactive technologies, interaction, multimedia equipment.

**Түйін сөздер:** статистика, цифрлық технология, инновация, оқыту технологиялары, интерактивтік технология, интеракция, мультимедиялық пакет.

Әлемдік экономикадағы өзгерістер жаһандық бәсекеге қабілеттіліктің қалыптасуына септігін тигізуде. Елдің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін экономикалық өсімнің жаңа моделі қажет. Қазақстан экономикасының жаңғыруы бес басымдылықпен сипат алады. «Бірінші басымдылық - экономиканың жеделдетілген техникалық жаңартылуы. Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл - маңызды кешенді міндет. Коммуникацияның дамуы мен оптикалық-талшықты инфрақұрылымға жаппай қолжетімділікті де қамтамасыз ету керек. Цифрлық индустрияны дамыту барлық салаларға серпін береді. Сондықтан, Үкімет ІТ саласын дамыту мәселесін ерекше бақылауға ұстауға тиіс». [1]

Цифрлық технологияларды білім беру саласына ендіру жоғарғы оқу орындарында жаңа инновациялық технологияларды қолдануға мүмкіндік береді. Жоғарғы оқу орындарындағы білім беру сапасына, заманауи оқыту әдістемелері мен тәсілдеріне және оқытушылардың компьютерлерді қолдану құзыреттілік әсерін тигізеді. Сондықтан, қазіргі кезеңде E-learning - электрондық оқыту жүйесі кеңінен қолданылады. Электрондық оқыту жүйелеріне компьютер көмегімен оқыту, желілік оқыту, қашықтан оқыту, визуальді оқыту, электронды технология көмегімен оқыту жатады. Қазіргі кезде электрондық оқыту жүйесі интернет және мультимедия көмегімен оқыту деп аталында. Электрондық оқыту жүйесі әлемнің 8 елінде толығымен енгізілген. E-learning - бұл оқыту жүйесі және оқыту форматы,

білім беру контенттерінің электрондық құралдары, компьютерлерді, ұялы телефондарды қолданып білімді басқару жүйесі және интерактивті оқыту платформасына негізделген сабақ беру формаларының бірі болып табылады. Электрондық оқыту жүйесін қолдану электрондық оқулықтардың пайда болуына әкеліп, оқытушылардың өз пәндерінен сапалы контент дайындалуына мүмкіндік береді. Электрондық оқу құралдарының оқу процесінде кейстік, желілік, қашықтықтан оқыту, TV технологияларды қолдануды талап етеді.

Кейстік технология - қағазды, электронды өзге де жеткізу түрінде және оларды өздігінен білім алу үшін жіберілген мультимедиялық оқу-әдістемелік материалдар жиынтығы негізінде жинақталған технология.

Желілік технология - білім алушылардың оқытушылармен және бір-бірімен интерактивті қарым-қатынас түрінде, интернет жүйесіне негізделген технология.

TV технология - мұрағаттардағы, кітапханалардағы ақпараттар көзі, оқу-танымдық фильмдер, эксперименттер, жаратылыстану пәндері бойынша тәжірибелік және зертханалық сабақтарға бағытталған технология.

Қашықтан оқыту технологиясы - білім берудің мағынасын модульдік әдісті қолдануға бағытталған білім берудің бірегей ортасын қалыптастыратын технология болып табылады. [3]

Қазіргі кезде М.Х Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік Университетінде 2000 компьютермен жабдықталған 72 компьютерлік кластар бар. Білім ордасының 14 корпусында 41 электронды сенсорлы киоскілер орналасқан. Студенттік портал арқылы білімгерлер оқу және емтихан кестесін, оқу үлгерімін, емтихан бағасын, студенттің жеке оқу жоспарын, сондай-ақ тағы да басқа да мәліметтер алады. Қашықтан оқыту бойынша электронды оқу курстарын (контент) оқытушылар дайындайды. [2] Мысалы: «Статистика» пәнінің электронды оқу курсы құрастырылды.

XXI ғасыр - ақпараттандыру ғасыры. Жоғарғы оқу орындарында оқытушылардың біліктілігін, ақпаратты-коммуникативті технологияны қолдану бойынша білімін жетілдіру қазіргі кезеңдегі міндеттердің бірі болып табылады. Білім беруге интерактивті әдістер кеңінен қолданылуы тиіс. «Интерактив» ұғымы - әрекет жасу деген мағыны білдіреді.

«Экономика және бизнес» факультетінде оқу процесінде ActivStudio бағдарламасы негізінде жұмыс жасайтын ActivBoard интерактивті тақталары қолданылады. Интерактивті тақталар, ақ тақта, офисті, интерактивті режимде жұмыс істейді. Интерактивті тақталарды сабақтарға пайдаланғанда, ол дидактикалық мәселерді шешуге, оқылатын пәндер базалық білімді меңгеруге, алған білімді жүйелеу және өзін-өзін бақалауға, дағдыларды қалыптастыруға, білімгерлердің оқуға деген ынталарын арттыруға негізделінеді. Интерактивті технологияны пайдалану ақпараттарды қабылдау тәсіліне байланысты. Ақпараттарды қабылдаудың визуалды, аудио, кинестетикалық жолдарын қолданып отырып, студенттер сапалы білім алады.

Оқу үрдісіне инновациялық технология мен әдістерді енгізу, оның ақпараттандыру деңгейіне байланысты. Жоғарғы оқу орындарында білім беру сапасына заманауи оқыту әдістері мен тәсілдерін қолдану, оқытушылардың жаңа технологияларды қолдану, дәлірек айтқанда электронды оқытудың барлық мүмкіншіліктерін қолдану қажеттілігі туындайды. Инновациялық технологияларды қолданудың және оны оқу процесіне енгізудің жолы - оқытылатын пәндер бойынша әр сабаққа құрастырылған мультимедиялық пакетті пайдалану. Бірінші кезеңде оқытылатын сабақтың сценарийі құрастырылады. Төмендегі 1-кестеде «Статистика» пәні бойынша оқытылатын сабақтың сценарийі берілген.

Кесте 1. «Статистика» пәні бойынша «Халықтың тұрмыс деңгейінің статистикасы» тақырыбындағы сабақтың сценарийі

| № р/с                  | Оқу фрагментінің атауы<br>Оқу фрагментінің мазмұны  | Интеракция                 | Инновациялық толықтырулар                 | Студенттердің білімін бағалау | Оқу фрагментінің мақсаты   | Уақыты |
|------------------------|---|----------------------------|---|-------------------------------|--|--------|
|                        | 1   | 2                          | 3   | 4                             | 5  | 6      |
| 1                      | Алғы сөз  | оқытушы<br>↔<br>студент    |   |                               | Сабақ тақырыбы мен мақсатын таныстыру  | 5 мин  |
| 2<br>2.1<br>2.2<br>2.3 | Халықтың тұрмыс деңгейінің статистикасы<br>Халықтың тұрмыс деңгейі статистикасының міндеттері<br>Халықтың тұрмыс деңгейі статистикасының көрсеткіштері<br>Адамның даму индексін есептеу | оқытушы<br>↔<br>студент    | Презентация Слайд (Microsoft Power Point) | Фронтальді сұрау              | Халықтың тұрмыс деңгейі статистикасының негізгі және қорытынды көрсеткіштерімен танысу | 35 мин |
| 3                      | Халықтың тұрмыс деңгейінің көрсеткіштеріне статистикалық шолу   | оқытушы<br>↔<br>студент    | www.stat.kz материалдары                  |                               | Статистикалық мәліметтермен танысу   | 10 мин |
| 4                      | Халықтың тұрмыс деңгейінің статистикасы   | инт. тақта<br>↔<br>студент | Delphi 7 авторлық тестілеу бағдарламасы   | Тестілеу                      | Теориялық білімді тексеру  | 8 мин  |
| 5                      | 1. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму статистикасы<br>2. Әлеуметтік төлемдер мөлшері<br>3. Адам капиталының сапалы өсуі   | инт. тақта<br>↔<br>студент | Интернет ресурстар (видеосюжет)           |                               | Видеосюжетті талқылау  | 7 мин  |
| 6                      | Халықтың тұрмыс деңгейі статистикасының көрсеткіштері   | оқытушы<br>↔ инт. тақта    | ActiveInspire флипчарт                    | Есеп шығару                   | Адамның даму индексін есептеу  | 7 мин  |
| 7                      | Қорытынды   | оқытушы<br>↔<br>студент    |   |                               | Сабақ нәтижелерін қорытындылау   | 3 мин  |

«Статистика» пәнінен дайындалған мультимедиялық пакет: презентация (ppt), флипчарт (flp), тестік бағдарлама (exe), аудио (mp3, wav) және видео (avi, mp4), пән картотекалары, интернет, электронды ресурстардан тұрады. Төменде «Статистика» пәнін оқытудың құрылымдық логикалық сызбасы 1-суретте көрсетілген.



1-сурет. «Статистика» пәнін оқытудың құрылымдық логикалық сызбасы

Оқытудың құрылымдық логикалық сызбасы негізінде жасалған мультимедиялық пакет интерфейсі төмендегі 2-суретте көрсетілген.



2-сурет. Мультимедиялық пакет интерфейсі (Басты меню)

Мультимедиялық пакеттің ерекшелігі - пәнді оқытудың интерактивтік режимін пайдалану. Мультимедиялық пакеттерді қолдану инновациялық оқыту әдістерін жетілдеруге, студентердің уақытын тиімді пайдалануға және де оқытылатын пәндегі білімді жедел меңгеруге бағытталынады. Оқытушыларының педагогикалық шеберлігін жетілдіру - университет бойынша біліктілікті жетілдіру курстарына қатысу деңгейі мен көптілі курстарға қатысу арқылы, кәсіпорындарда біліктілікті жетілдіру арқылы, ақпараттандыру бойынша біліктілікті арттыруға негізделген. Жоғарғы оқу орындарындағы педагогикалық шеберлікті арттырудың бір жолы - пәнді оқытудың интерактивті әдістерін меңгеру. Интерактивті әдістерді меңгеру жолы кафедраның ғылыми-әдістемелік семинарларында қарастырылады. Сапалы оқу процесі педагогикалық кадр мәселесі байланысты, ол жоғарғы оқу орындарындағы басымдылықтың бірі.

#### **Әдебиеттер:**

1. «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы Егемен Қазақстан №20 (29001) 31 қаңтар 2017 жыл.
2. Наша цель - статья «электронным университетом» // Университет тынысы №9 (232) 25 ноября 2016 г, г.Тараз. E-mail: [tarsu\\_media@ru](mailto:tarsu_media@ru)
3. Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в образовании. - М: 2002.

## **ОПТИМИЗАЦИЯ РЕСУРСНОЙ БАЗЫ КОММЕРЧЕСКИХ БАНКОВ**

***Шкурко Валерия Игоревна***

*Гродненский государственный университет имени Янки Купалы,*

*Гродно, Беларусь*

*E-mail: shkurko96@gmail.com*

**Андатпа.**Мақалада зерттеу нәтижелері ресурстық базаны қалыптастыру коммерциялық банктердің туындауының негізгі себептері қарастырылды, ағымдағы проблемаларды саласындағы ресурстық базаны қалыптастыру. Тұжырымдалған ұсынымдар оңтайландыру бойынша қаражат (капитал) банктер.

**Түйінді сөздер:** коммерциялық банктер, банктік ресурстар, тартылған ресурстар, депозиттік операциялар ұзақ мерзімді ресурстар.

**Аннотация:** В статье представлены результаты исследования формирования ресурсной базы коммерческих банков, рассмотрены основные причины возникновения текущих проблем в области формирования ресурсной базы. Сформулированы рекомендации по оптимизации средств (капитала) банков.

**Ключевые слова:** коммерческие банки, банковские ресурсы, привлеченные ресурсы, депозитные операции, долгосрочные ресурсы.

**Annotation..** The article presents results of research concerning formation of the bank's resource base and main causes leading to current problems in the field of it. The recommendations for banks' funds optimization (capital) have been also formulated.

**Key words:** commercial banks, bank resources, attracted resources, deposit operations, long-term resources.

В рыночной экономике ресурсы коммерческих банков имеют первостепенное значение. Это подтверждается тем, что они служат необходимым активным элементом для осуществления банковской деятельности. Коммерческий банк, с одной стороны, привлекает свободные денежные средства юридических и физических лиц, формируя тем самым свою ресурсную базу, а с другой стороны – размещает ее от своего имени на условиях